




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Тамыз 2025

Тамыз айында жылдық инфляция 12,2%-ға дейін жеделдеді. Инфляцияның барлық құрамдас бөлігінде өсім байқалды, оның ішінде негізгі үлесті азық-түліктің қымбаттауы қосты.


Айлық инфляция да жеделдеп, 1%-ға жетті. Маусымдық факторлар ескерілген инфляция да осындай үрдіс көрсетіп, өткен аймен салыстырғанда 1,2%-ға өсті.

Ақылы қызметтер мен азық-түлік емес тауарлар бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі жеделдеді, ал азық-түлік бойынша, керісінше, баяулады. Алдыңғы аймен салыстырғанда маусымдық факторлар ескерілген ақылы қызметтердің бағасы 0,55%-дан 1,53%-ға дейін, азық-түлік емес тауарлар бағасы 0,76%-дан 1,07%-ға дейін жеделдеді. Ал азық-түлік бағасының маусымдық факторлар ескерілген өсімі 1,1%-дан 1,0%-ға дейін баяулады.

Маусымдық факторларды ескергенде ет, сүт өнімдері мен жұмыртқа, кофе, шай мен какао, жанар-жағармай материалдары, жеке гигиена заттары, дәрі-дәрмек, тұрғын үйді жалға алу, көлік, амбулаториялық қызмет, сондай-ақ, реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің, соның ішінде газдың бағасы өскені байқалды.


Әртүрлі әдістермен есептелген маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні өткен аймен салыстырғанда жеделдеп, 1,07%-ға жетті (шілдеде – 0,85%). Бағалардың 10%-дық шектерді қысқарту арқылы, сондай-ақ ең құбылмалы сегіз компонентті алып тастау арқылы есептелген базалық инфляция көрсеткіштері де жеделдегені байқалды. Бұл экономикада тұрақты проинфляциялық қысым бар екенін айғақтайды.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Кей азық-түлік түрлерінің қымбаттауы белсенді экспорт пен өндірушілер бағасының өсуіне байланысты болып отыр. Тамызда азық-түліктің жылдық инфляциясы 11,7%-ға дейін жеделдеді. Айлық өсім 0,5%-ға дейін бәсеңдеді (шілдеде – 0,7%).

Ет және өсімдік майының жоғары әлемдік бағалары экспортты ынталандырады, ішкі ұсынысты азайтады және сол арқылы ішкі бағаның өсуіне әкеледі. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының өсуі арқылы қосымша қысым жасалады.


Сонымен қатар көкөніс пен жеміс-жидектің арзандауы тежеуші фактор ретінде әсер етті.

Тұрақты сұраныс, импорттық бағалардың өсуі мен ЖЖМ қымбаттауы азық-түлік емес инфляцияға қысым түсіріп отыр. Бір жылдағы баға өсімі 9,7%-ға дейін жеделдесе, айлық инфляция 1%-ға жетті. Бағаның өсуіне айтарлықтай үлесті баға реттеуінен босатылған ЖЖМ қымбаттауы қосты. Сондай-ақ жоғары тұтыну сұранысы мен импорттық бағалардың өсуі жеке күтім заттары, кітаптар мен кеңсе тауарлары, дәрі-дәрмек, сондай-ақ сырт киім секілді кең ауқымды тауарлар бағасының қымбаттауына ықпал етті.

Тамызда қызмет көрсету бағасының өсуіне әрі жекелеген нарық қызметтері, әрі реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің тарифі ықпал етті. Қызмет көрсету саласындағы жылдық инфляция тамызда 15,3%-ға дейін жеделдеді (шілдеде – 14,9%), ал айлық инфляция 1,4%-ға жетті. Нарық қызметтерінен бағаның өсуіне негізгі үлесті тұрғын үйді жалға беру, шаштараз, аурухана, сақтандыру және амбулаториялық қызметтер қосты.


Реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бойынша барлық категорияда баға өсімі тіркелді, оның ішінде газбен жабдықтау мен электр энергиясы қатты қымбаттағаны байқалды.

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызмет инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

Тамызда азық-түлік бағасының FAO индексі 130,1 пунктке жетті (шілдеде – 130,0 пункт). Жылдық есепте индекс 6,9%-ға, айлық есепте 0,1%-ға өскен. Дәнді дақыл мен сүт өнімдері бағасының төмендеуі ет, қант және өсімдік майлары бағасының өсуімен жабылды.

Дәнді дақылдар тамызда айлық есепте 0,8%-ға, жылдық есепте 4,1%-ға арзандады. Бидай бағасының төмендеуі жаһандық жеткізілімнің молдығы мен импорттық сұраныстың әлсіздігімен түсіндіріледі. Бағаға қосымша қысымды ЕО мен Ресейдегі мол өнімдер түсірді. Сонымен қатар, жүгерінің әлемдік бағасы үшінші ай қатарынан өсті, бұл Еуропадағы ыстықтан өнімге әсер етуі мүмкін деген алаңдаушылықпен және мал азығы мен этанол өндірісіне сұраныстың өсуімен байланысты. Құмай жүгері мен күріш бағасы төмендеді, ал арпа қымбаттады.

Өсімдік майлары айлық есепте 1,4%-ға өсті, бұл 2022 жылғы шілдеден бергі ең жоғары көрсеткіш. Пальма майы бағасы импорттық сұраныстың жоғары болуына байланысты өсті. Күнбағыс пен рапс майы Еуропа мен Қара теңіз аймағындағы ұсыныстың қысқаруына байланысты қымбаттады. Ал соя майының бағасы мол өнім алынады деген болжамдарға байланысты төмендеді.

Ет бағасы рекордтық деңгейге жетті: АҚШ пен Қытайдағы жоғары сұраныс және Океаниядан жеткізілімнің шектеулі болуы сиыр мен қой етін қымбаттата түсті. Шошқа етінің бағасы тұрақты, құс еті арзандады, себебі Бразилиядан жеткізілім көбейді.

Сүт өнімдері екінші ай қатарынан арзандап жатыр. Сары май, ірімшік және құрғақ сүт бағасы Азиядағы мол жеткізілім мен әлсіз сұранысқа байланысты төмендеді, ал майсыз құрғақ сүт Жаңа Зеландиядағы шектеулі қорлар мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы тұрақты сұраныстың әсерінен қымбаттады.

Қант кейінгі бес айда алғаш рет қымбаттады. Бағаның өсуі Бразилиядағы өнімділіктің төмендеуі мүмкіндігі мен жоғары импорттық сұраныс (соның ішінде Қытайдан) салдарынан болды, ал Үндістан мен Таиландтағы өнім болжамдарының жақсаруы өсу қарқынын тежеді.

Өсімдік майлары мен сүт өнімдерінің ішкі бағасы әлемдік бағалардан төмен, бірақ сыртқы нарықтағы бағаның өсуі ішкі бағалардың өсу қаупін туғызады. Ал ет бағасы әлемдік бағадан тез өскенімен, деңгейі әлі де төмен, бұл жаһандық бағалардың тез өсуі жағдайында ішкі нарыққа қосымша қысым түсіреді.

1-таблица. Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Тамыз	Желтоқсан	Маусым	Шілде	Тамыз
Дәнді дақылдар (FAO)	141,2	155,1	148,0	150,9	152,6
Үн ТБИ	196,7	199,2	199,1	200,0	201,4
Баға айырмашылығы, п.т.	55,5	44,0	51,1	49,1	48,8
Өсімдік майы (FAO)	167,5	216,6	206,2	226,9	234,5
Өсімдік майы ТБИ	148,3	168,7	185,6	190,5	192,9
Баға айырмашылығы, п.т.	19,1	48,0	20,6	36,4	41,6
Қант (FAO)	171,3	195,0	167,7	171,9	175,6
Қант ТБИ	220,1	207,0	227,3	229,1	231,0
Баға айырмашылығы, п.т.	48,8	12,0	59,6	57,2	55,4
Ет (FAO)	143,7	153,0	159,7	165,7	169,8
Ет ТБИ	153,6	155,1	170,2	173,5	178,4
Баға айырмашылығы, п.т.	9,9	-2,1	10,5	7,8	8,6
Сүт өнімдері (FAO)	158,3	185,9	201,8	206,1	207,4
Сүт өнімдері ТБИ	172,9	180,2	183,5	184,2	187,7
Баға айырмашылығы, п.т.	14,6	5,8	18,3	21,9	19,7

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ FAO азық-түлік индекстері көрсетілген, олар АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа айлық бағамы бойынша қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалар әлемдік бағалардан жоғары (теріс айырма), жасыл түс сыртқы бағалар ішкі бағалардан жоғары (оң айырма) екенін көрсетеді.

Өндірушілер бағасы


2025 жылғы тамызда азық-түлік өнеркәсібінің көптеген саласында баға өсімі жалғасты. Негізгі қысым ауыл шаруашылығы шикізатының қымбаттауынан туындап отыр. Мал, құс, сүт және майлы дақылдардан бөлек, жұмыртқа бағасының да өскені байқалды.

Белсенді экспорттық жеткізілім жағдайында өңдеу өнеркәсібінен жоғары сұраныс ішкі нарықта өнімді сатудағы тартымдылықты төмендетеді. Қосымша фактор ретінде мал азығынан тұратын дақыл қорларының қысқаруы өндірістік шығындарды арттырады. Логистика мен су беру тарифтерінің өсуі, сондай-ақ энергетикалық ресурстар бағасының қымбаттау үрдісі де сақталып отыр.

Ішкі өндіріс бағасының қымбаттауынан бөлек, импортталатын азық-түлік тауарлары бағасының өсуі де байқалады. ТМД елдерінен әкелінетін импорт өнімдерінен ет өнімдері, нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер, өсімдік майлары, сондай-ақ ірімшік пен қаймақ қымбаттады. Негізгі факторлар – Ресейде жоғары инфляцияның сақталуы мен теңгенің рубльге шаққанда әлсіреуі.


ТМД елдерінен тыс мемлекеттерден келетін импортта баға өсімі салыстырмалы түрде төмен, бірақ тамыз айында сүт өнімдері, шоколад пен кондитерлік өнімдер, кофе, дәмдеуіштер мен теңіз өнімдері қымбаттады. Бұл үрдіс теңгенің АҚШ долларына шаққанда әлсіреуі мен кейбір тауар позициялары бойынша әлемдік бағалардың өсуіне байланысты болып отыр.

7-график. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

8-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағалары, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ